

# ШЫМКЕНТ ҚАЛАЛЫҚ ОҚУШЫЛАР САРАЙЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ

## РОМАНОВА НАТАЛЬЯ СЕРГЕЕВНА



Романова Н.С. 1957 жылы 19 шілдеде Шымкент қаласында туған. Орта мектепті 1974 жылы бітіріп, Шымкент педагогика институтының филология факультетін 1987 жылы бітірген. 2011 жылы «Психология магистрі» дәрежесін иеленді.

Еңбек жолын 1974 жылы Цементшілер Мәдениет Сарайында қуыршақ театрының режиссеры ретінде бастаған.

1975-1980ж.ж. Шымкент қаласының Еңбекші аудандық пионерлер Үйінде «Қуыршақ» үйірмесінің жетекшісі;

1980-1981ж.ж. Шымкент қаласындағы «Эластик» шұлық бірлестігі балабақшасының тәрбиешісі;

1981-1986ж.ж. Еңбекші аудандық пионерлер Үйінде «Қуыршақ» үйірмесі

және пионер бөлмесінің жетекшісі;

1986-1987ж.ж. Еңбекші аудандық пионерлер Үйінде пионерлер жұмысы бойынша әдіскер;

1987-1997ж.ж. Еңбекші аудандық пионерлер Үйінің директоры;

1997-1998ж.ж. Қалалық әкімшіліктің Жастар ісі, туризм және спорт басқармасында бас маман;

1998-2005ж.ж. Шымкент қалалық Оқушылар сарайының (бұрынғы Шымкент қалалық балалар мен жасөспірімдер орталығы) директоры

2005 жылы 3 мектептен тыс мекеменің бірігуіне орай құрылған Шымкент қалалық балалар мен жасөспірімдер орталығының директоры қызметін осы уақытқа дейін атқарып келеді.

Н.Романова балалар мен жасөспірімдердің мектептен тыс уақытын пайдалы ұйымдастыру және сауықтыру жұмысына қосқан үлесі үшін «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен, Ы.Алтынсарин төсбелгісімен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мақтау қағазымен, Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бауырмал» сыйлығы (2009ж.) және Шымкент қаласы білім қызметкерлері кәсіподақ комитетінің «Білікті басшы» төсбелгісімен (2014ж.) марапатталған.

# ШЫМКЕНТ ҚАЛАЛЫҚ ОҚУШЫЛАР САРАЙЫНЫҢ

## Т Ө Л Қ Ұ Ж А Т Ы



- Мекеме атауы:** «Шымкент қалалық Оқушылар сарайы» МКҚК
- Директоры:** Романова Наталья Сергеевна
- Мекен-жайы:** Шымкент қаласы, Қонаев даңғылы, н/з
- Оқыту тілі:** қазақ және орыс тілі
- Жалпы көлемі:** 4891,1 шаршы метр
- Мекеме құрылысы:** 1982 жылы салынған
- Жоба бойынша қуаттылығы:** 1200 бала
- Балалар саны:** 4200 бала
- Материалдық базасы** Орталықтың негізгі ғимаратында жұмыс кабинеттерінің саны - 22, акты залы – 225 адам, би залы - 3, спорт залы - 2, астрономиялық кабинет, обсерватория, телескоп – 2, медициналық кабинет, дыбыс жазу студиясы, компьютер класы, 4-6 жас балаларға арналған «Алғашқы эстетикалық дамыту мектебі» - 2, 2007ж. ашылған Халықтар достығы мұражайы

бар. Мекемеге қарасты 7 аула клубы қаланың мөлтек аудандарында орналасқан. Қала сыртында «Ақсу» сауықтыру лагері – 3 ғимараттан тұрады. Транспорттық құралдары: жеңіл автомобиль «Opel Vektra» (1991ж.) - 1 дана, автобус «Shaolin» (2013ж.) – 2 дана – 17 орындық, газель 32213 (2001ж.) - 13 орындық.

### **Үйірмелер саны**

**101**, жұмыс бағыттары: әлеуметтік-педагогикалық – 17, этно-мәдени – 10, спорттық-техникалық -19, көркемдік-эстетикалық - 9, хореографиялық - 8, саздық – 12, сахналық және шешендік өнер – 8, қолданбалы өнер - 12, шығармашылық – 6.

### **Қызметкерлердің сандық құрамы**

**164** - қосымша білім беру педагогтары, педагог ұйымдастырушылар мен аккомпаниаторлар саны -115, әкімшілік-басқару – 19, техперсонал – 30.

### **Педагогтардың сапалық құрамы**

**115** - жоғары білімді -106, кәсіптік орта–9; жоғары санатты – 36, I санатты – 29, II санатты – 16, санатсыз – 34.

ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері – 2, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасы және Алғыс хаты – 5, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің Алғыс хаты – 15, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының дипломы, грамотасы – 15, Орталық әдіскері С.Айтова «Қазақстанның қосымша білім беру жүйесіндегі жүз танымал есім» кітабына енгізілген.

### **2013-2014 оқу жылының жетістіктері:**

- Мекеме **«Қосымша білім беру жүйесінің алтын қоры»** кітабына енгізілді.
- Республикалық **«Әдістемелік вернисаж»** байқауында мұражай жетекшісі Есімханова А.Ж. - II орын, МЖА жетекшісі Сапарбаева Б.Қ.-III орынды, «Томирис» ӘПК жетекшісі Тулегенова Г.Н. – арнайы аталыммен марапатталды.
- **Карате до Шотокан бойынша** Рига қ. өткен Еуропа Біріншілігінде 1 бала III-орын, Алматы қ. өткен Республикалық Біріншілікте 8 бала I орын, Киев қ. өткен Халықаралық жарыста I орын - 1, II орын – 1, III орын – 1 бала, республикалық турнирде 16-17 жас аралығы,

- 60 кг. салмақта Абсамат Т. I-орын, Маруан А. III- орын, 14-15 жас аралығында 50 кг. салмақта Котляров В. I орын иеленді.
- **«Брейк-данс» үйірмесінің** мүшелері Алматы қ. өткен «Сникерс - Урбание» сайысында I орын, брейк-данс бойынша республикалық сайыста II орын, Ташкент қ. өткен халықаралық сайысқа қатысып, IV орын иеленді.
  - **Мектеп жастары ассоциациясының** (МЖА) 2 командасы «Нұр Отан» партиясы «Жас Отан» жастар қанаты облыстық филиалының ауыспалы Кубогы үшін пікірсайыста жүлделі I,II орынды иеленді.
  - **Халықтық хореографиялық «Айгөлек» балалар ансамблі** Астана қ. өткен республикалық фестивальдің лауреаты, Ирландияда өткен XIII Халықаралық фольклор фестивалінің лауреаты. Ансамбль Астана қ. өткен Тұңғыш Президент күні және Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне арналған концертте өнер көрсетті. Ансамбль Польшада, Балтық теңізі жағалауында өткен **«Мәдениеттің Арт Керуені»** халықаралық фестивалінің Кубогін алып, жүлделі I орынды иеленді.
  - **«Еркетай» би ұжымы** Алматы қ. өткен «Күншуақ» халықаралық байқауында Бас жүлде, Түркия елінде өткен «Данс - олимпия» байқауының лауреаты.
  - **Авиамодельдеу үйірмесі** Самара қ. өткен Авиамодельшілер слетінің дипломанты.
  - **«Алақай!» балалар мультипликация студиясы** Ханты-Мансийск қ. өткен (ХМАО, Ресей) «Құтқару және сақтау» атты XVIII Халықаралық телевизиялық экологиялық балалар фестиваліне қатысып, «Экологиялық мәселеге ерекше көзқарасы үшін» арнайы сыйлығын және дипломын иеленді. Алматы қ. өткен Ш.Аймановтың 100 жылдығына арналған I Республикалық балалар өнер (кино) фестиваліне қатысып, II дәрежелі дипломмен марапатталды. Ұжым Могилев қ. (Беларуссия) өткен «Анимаевка – 2014» XV Халықаралық анимациялық фильмдер фестиваліне қатысып, дипломмен марапатталды.
  - **«Томирис» ӘПК** мүшелері Карате до Шотокан бойынша Лиссабон қ. (Португалия) өткен Әлем Чемпионатына қатысып, 2 алтын, 3 күміс, 7 қола медаль жеңіп алып, барлық қатысушылар сертификатпен марапатталды. «Томирис» ӘПК жетекшісі Г.Н.Тулегенова алтын медальмен марапатталды.

## Шымкент қалалық Оқушылар сарайының іс-шаралары

Шымкент қалалық Оқушылар сарайы қалалық, облыстық деңгейдегі көпшілік мерекелік іс-шараларға белсене қатысып, көптеген шаралардың ұйымдастырушысы болып табылады. Сарайда ұйымдастырып, өткізетін дәстүрлі шаралар:

1. Қала көлемінде жаңадан ашылған мектеп, балабақша, спорттық алаңшалардың салтанатты ашылу рәсімі;
2. Орталықтың Ашық есік күні мерекесі;
3. Облыстық «Отбасым – мерейім» мерекесі
4. Қалалық «Ұстаздар күні» мерекесі;
5. «Менің сүйікті аулам» аула клубтары мерекесі;
6. «Рәміздік топ» байқауы (әр жартыжылдықта);
7. «Сұңқар» патриоттық саптық ән байқауы;
8. Шымкент қаласының күні кең ауқымды мерекесі;
9. «Қылмыссыз жарқын болашақ» акциясы;
10. «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы РҚБ қалалық деңгейде қабылдау жиыны (жылына 3 рет);
11. Тұңғыш Президент күнін атап өту;
12. Тәуелсіздік мерекесі;
13. Облыс, қала көлемінде қайырымдылық шырша мерекесін ұйымдастыру;
14. Ана тілі айлығы;
15. «Сырлы сөз» жас мереке жүргізушілер байқауы;
16. «Жылдың үздік үйірмешісі» байқауы;
17. «Масленица» мерекесі;
18. Наурыз мерекесі;
19. Қалалық өнер фестивалі;
20. Маусымдық спорттық аула клубы және көше топтары арасында спартакиадалар;
21. Жеңіс күнін атап өту;
22. Салауатты өмір салты бойынша акция;
23. «Менің елім – Қазақстан» танымдық-сауықтық бағдарлама;
24. Балалар шығармашылығы көркемсурет көрме-байқауы (әр тоқсан сайын);
25. Жазғы сауықтыру жұмысына дайындық семинарлары;
26. «Алтын белгі» иегерлерін марапаттау рәсімі;
27. Қалалық тамыз маслихатына қатысушыларды балалардың құттықтауы, т.б.

**ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫ МҰРАЖАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ САЗ АСПАПТАРЫ ЖАЙЛЫ ЛЕКТОРИЯ, ТҮРЛІ ҰЛТТЫҢ ТАНЫМАЛ АДАМДАРЫМЕН КЕЗДЕСУ, «МЕНИҢ ЕЛІМ - ҚАЗАҚСТАН» ТАНЫМДЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ, ТҮРЛІ ҰЛТ БАЛАЛАРЫ АРАСЫНДА «МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНИҢ ТІЛІМ» БАЙҚАУЫ, Т.Б. ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.**



**МЕКТЕП ЖАСТАРЫ АССОЦИАЦИЯСЫНЫҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА ҮГІТТОБЫ ӨНЕРІ**



## АШЫҚ ЕСІК КҮНІ МЕРЕКЕСІ



## ҚАЛАЛЫҚ, ОБЛЫСТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ІС-ШАРАЛАРДА «АЛТЫН ҒАСЫР» ВОКАЛДЫ ТОБЫ ӨНЕР КӨРСЕТУДЕ



**КАРАТЕ ДО ШОТОКАН ЖӘНЕ КОСИКИ КАРАТЕ БОЙЫНША ҮЙРМЕ МҮШЕЛЕРІ - ЖАС СПОРТШЫЛАР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАРЫСТАРДЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ**



**«ӘН-ДОМБЫРА» ҮЙРМЕСІ САБАҒЫНДА**







**4-6 ЖАС БАЛАЛАРЫНА АРНАЛҒАН «АЛҒАШҚЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ДАМУ»  
МЕКТЕБІ ТӨРТ ТОПТАН ТҰРАДЫ.**



## ҚАЛА КҮНІ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ МЕРЕКЕЛІК ФЛЕШМОБ



## «ЖАС ҰЛАН» ҰЙЫМЫНА ҚАБЫЛДАУ ҚАЛАЛЫҚ САЛТАНАТТЫ ЖИЫНЫ



## **ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІН АТАП ӨТУ ЖИЫНЫ**



## **«СҰҢҚАР» ПАТРИОТТЫҚ САПТЫҚ ӘН БАЙҚАУЫ ҚАЛА МЕКТЕПТЕРІ АРАСЫНДА ҮШ КЕЗЕНДЕ ӨТКІЗІЛЕДІ**



## БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ КӨРКЕМСУРЕТ БАЙҚАУЫ



## БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ КӨРМЕ-ЖӨРМЕҢКЕСІ



**«БАЛАЛАР ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ» ҚАЛАЛЫҚ, ОБЛЫСТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ  
АКЦИЯ**



**ҚАЛАЛЫҚ ТАМЫЗ МАСЛИХАТЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ  
БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ**



## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БӨЛІМНІҢ ӨНЕРПАЗДАРЫ НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНДЕ



## ОРТАЛЫҚ КӨРКЕМӨНЕРПАЗДАРЫ МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТТЕ



## ХАЛЫҚТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯЛЫҚ «АЙГӨЛЕК» БАЛАЛАР АНСАМБЛІ



## ТЕХНИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ «СИРИУС» АСТРОНОМИЯ ҮЙРМЕСІ



## АВИАМОДЕЛЬДЕУ ҮЙІРМЕСІНІҢ САБАҒЫНДА



## ТҮРҒЫЛЫҚТЫ ОРЫН БОЙЫНША ЖҰМЫС БӨЛІМІНЕ ҚАРАСТЫ «ЖАСТЫҚ» АУЛА КЛУБЫНДА





## АУЛА МЕРЕКЕЛЕРІ



**ОРТАЛЫҚҚА ҚАРАСТЫ ҚАЛА СЫРТЫНДАҒЫ «АҚСУ» САУЫҚТЫРУ  
ЛАГЕРІНДЕ ЖАЗҒЫ КЕЗЕҢДЕ 6 АУЫСЫМДА ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТ  
ҚАРЖЫСЫНА 1000-ҒА ЖУЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ ТӨМЕН  
ОТБАСЫ БАЛАЛАРЫ ДЕМАЛАДЫ.**

